

**АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК
«ЖОҒАРЫ КӨЛІК ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ КОЛЛЕДЖІ» ШЖҚ МКК**



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ**



КЕЛІСІЛДІ

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы

« 15 » 09 2025ж.

БЕКІТЕМІН

«Жоғары көлік және коммуникация колледжі»
ШЖҚ МКК директоры

« 15 » 09 2025ж.

**ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ
СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН
«МАМАНДЫҚТАР ӘЛЕМІН АШАМЫЗ»
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БАЙҚАУДЫҢ ЕРЕЖЕСІ**

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттеріне арналған «Мамандықтар әлемін ашамыз» (бұдан әрі - Байқау) байқаудың мақсатын, міндеттерін, өткізу тәртібін және негізгі бағыттарын айқындайды.

1.2. Байқау Жұмысшы мамандықтар жылы және Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары көлік және коммуникация колледжі» ШЖҚ МКК 80 жылдығы аясында ұйымдастырылады.

1.3. Байқаудың ұйымдастырушылары: Астана қаласының «Білім басқармасы» ММ, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары көлік және коммуникация колледжі» ШЖҚ МКК.

1.4. Байқаудың мақсаты: болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру, жұмысшы мамандықтардың имиджін арттыру.

Байқаудың міндеттері:

- студенттердің оқу және кәсіби тәжірибе барысында меңгерген құзыреттерін көрсету;
- өз қызметін жобалау, оған жауапкершілік алу, бағалау және талдау қабілеттерін анықтау;
- өндірістік тапсырмаларды шешу барысында студенттердің кәсіби құзыреттілік деңгейін бағалау.

**II. ӨТКІЗУ НЫСАНЫ,
МЕРЗІМІ МЕН ӨТЕТІН ОРНЫ**

2.1. Өткізу мерзімі: 15-16 қазан 2025 ж.

2.2. Өткізу орны: Астана қаласы, Конституция көшесі, 10, Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары көлік және коммуникация колледжі» ШЖҚ МКК.

2.3. Өткізу форматы: офлайн.

2.4. Байқаудың өткізу тілі: мемлекеттік және орыс тілдері.

2.5. Қатысушылар: колледж студенттері.

III. БАЙҚАУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ

3.1. Байқау 2 (екі) бағыт бойынша өтеді:

3.2. I бағыт: «Коммуникация, көлік-коммуникация инфрақұрылымын жаңғырту және кеңейту»

I бағытқа 2-3 курс «Логистика (салалар бойынша)», «Теміржол көлігінің көтергіш-көлік, құрылыс-жол машиналары мен механизмдерін пайдалану және техникалық қызмет көрсету», «Темір жолдардың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»; «Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы», «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару», «Автомобиль көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару», «Жол қозғалысын ұйымдастыру» мамандықтардың студенттері қатыса алады.

Бұл бағытта келесі тапсырмалар қарастырылады:

- «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы» пәні бойынша тесттер -30 сұрақ;
- кейстерді талдау.

I бағыт бойынша бағалау критерийлері (макс. – 100 балл).

Бағалау критерий:

Тест тапсырмалары – 50 балл;

- Кейстерді талдау, пікірталас, тәжірибеге бағытталған жағдайды қорғау – 50 балл

3.3 II бағыт: «Мамандық бренді: кәсіпкерлікке қадам»

II бағытқа қатысушылар ТЖКББ кез келген мамандықтарының студенттері бола алады.

Бұл бағытта келесі тапсырмалар қарастырылады:

Бизнес-идеяның тұсаукесері.

Тапсырма: өз мамандығы бойынша бренд тұжырымдамасын әзірлеу және ұсыну: миссия, құндылықтар, бірегей ұсыныс.

Бағалау критерийлері (максимум 20 балл):

- идеяның жаңалығы - 5 балл;
- таңдалған мамандыққа сәйкестігі - 5 балл;
- тұжырымдамалардың анықтығы (миссия, құндылықтар) - 5 балл;
- сенімділік және ұсыну логикасы – 5 балл.

Фирмалық стильді әзірлеу.

Тапсырма: брендтің визуалды бейнесін жасау: логотип, ұран, визитка макеттері, қаптамалар немесе жарнамалық материалдар.

Бағалау критерийлері (максимум 20 балл):

- шығармашылық және өзіндік ерекшелік – 5 балл;
- бизнес-идеяның сәйкестігі – 5 балл;
- көрнекі тартымдылық-5 балл;
- практикалық қолдану мүмкіндігі (пайдалану қаншалықты нақты) – 5 балл.

Маркетингтік стратегия.

Тапсырма: брендті жылжыту стратегиясын әзірлеу: мақсатты аудитория, арналар, бюджет.

Бағалау критерийлері (максимум 15 балл):

- мақсатты аудиторияның нақты анықтамасы-5 балл;
- жарнамалық арналардың шынайылығы мен қол жетімділігі – 5 балл;
- қысқа бюджет / іс-қимыл жоспары-5 балл.

Жоба питчингі«Идеяны 5 минутта сатыңыз».

Тапсырма: өз брендіңізді қазылар алқасына қысқаша және сенімді түрде таныстыру, сұрақтарға жауап беру.

Бағалау критерийлері (максимум 10 балл):

- идеяны қысқаша және нақты жеткізе білу-5 балл;
- дәлелдер мен сұрақтарға жауаптар-5 балл.

Брендтің әлеуметтік миссиясы.

Тапсырма: брендтің колледжге, қалаға немесе қоғамға қандай пайда әкелетінін көрсету (акция, жоба идеясы).

Бағалау критерийлері (максимум 10 балл):

- Әлеуметтік маңыздылығы - 5 балл;
- Іске асыру және практикалық құндылық – 5 балл.

3.4. III бағыт: «Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару»

III бағытқа қатысушылар «Теміржол станциясы бойынша кезекші», «Тасымалдауды ұйымдастырушы техник» біліктіліктерін техникалық және кәсіптік оқыту бағдарламасының «Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы бойынша студенттер бола алады. Байқау практикалық тапсырмалардың 4 модулінен тұрады:

- Модуль 1. Көлік инфрақұрылымының негізгі элементтерін жобалау;

- Модуль 2. Теміржол көлігі құрылғыларының қалыпты жұмысы кезінде теміржол станциясы бойынша кезекшінің жұмысын орындау;
- Модуль 3. Теміржол станциясының жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру;
- Модуль 4. Теміржол көлігі құрылғыларының қалыпты жұмысы бұзылған кезде теміржол станциясы бойынша кезекшінің жұмысын орындау.

IV. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Байқауды өткізу үшін ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) құрылады. Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

- Қапезов Бірлік Еркінұлы- Жоғары көлік және коммуникация колледжінің директоры;
- Исина Нағима Сәткенқызы, Әдістемелік орталығының ТЖКББ бөлімінің әдіскері ;
- Чалгинбаева Гүлназ Солтанғазықызы - Жоғары көлік және коммуникация колледжінің директорының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, байланыс тел. 8 (775) 2547783;
- Бекенова Айгүл Амангелдіқызы - Жоғары көлік және коммуникация колледжінің әдіскері, байланыс тел. 8 (705) 1710226;
- Нысанбаева Марал Серікқызы - Жоғары көлік және коммуникация колледжінің «Жаратылыстану-математикалық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, байланыс тел. 8 (775) 9630516;
- Кубашева Айнагүл Серікқалиқызы - Жоғары көлік және коммуникация колледжінің «Жаратылыстану-математикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, байланыс тел. 8 (777) 3382505.

4.2. Байқауды өткізу туралы мәлімет /<https://astana-modern.edu.kz> / Әдістемелік орталықтың, Жоғары көлік және коммуникация колледжінің <https://ctranscom.kz> / сайтында орналастырылады және әлеуметтік желілерде жарияланады.

4.3. Байқаудың кезеңдері:

- I бағыт бойынша Байқау 1 (бір) кезеңде 2025 жылғы 15 қазанда өткізіледі.
 - II және III бағыттар бойынша екі кезеңде өткізіледі.
- 1-кезең – 2025 жылғы 6-10 қазан дейін (сағат 18.00-ге дейін).
- конкурстық өтінімдерді қабылдау, белгіленген талаптарға сәйкестігін бастапқы іріктеу (№2 қосымшаға сәйкес);
 - жобаларды бағалау және 10 үздік қатысушыны іріктеу кезеңі (ТОП-10 жоба).

2-кезең – 2025 жылғы 15 қазан.

Екінші кезеңнің нәтижелері /<https://astana-modern.edu.kz>/ Әдістемелік орталықтың және Жоғары көлік және коммуникация колледжінің /<https://ctranscom.kz>/ сайттарында, сондай-ақ әлеуметтік желілерде жарияланады.

4.4. Байқау өтінімдерді тапсыру тәртібі. Байқауға қатысу үшін № 1,2 қосымшаларға сәйкес рәсімделген өтінімді ұсыну қажет.

Тиісті талаптарға сәйкес рәсімделген өтінім MS Word форматында электронды түрде konkurs.proyektov@bk.ru электрондық поштасына «Конкурс «Мамандықтар әлемін ашамыз» деген белгімен жіберіледі (өтінім файлын қатысушының тегімен сақтау қажет).

Байқауға ұсынылған өтінімдер қайтарылмайды. Белгіленген Байқаудың талаптарына сәйкес келмейтін өтінімдер Байқауға жіберілмейді. Өтінімдерді қабылдамау себептері өтінім берушілерге хабарланбайды.

4.5. Байқаудың комиссияның жұмысы тәртібі.

Комиссия төрағасы Байқау мүшелерінің бірі белгіленеді. Комиссия шешімдері түпкілікті болып табылады және қайта қаралмайды. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді және барлық мүшелер қол қояды.

V. БАЙҚАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ

5.1. Байқаудың бағытындағы жеңімпаздар I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

5.2. Барлық қатысушыларға сертификаттар табысталады.

5.3. Байқаудың қорытындылары <https://astana-modern.edu.kz> Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» МКҚК-ның және «Жоғары көлік және коммуникация колледжі» ШЖҚ КМК-ның <https://ctc.edu.kz> сайтында жарияланады.

ӨТІНІМ**ТЖКББ СТУДЕНТТЕРІ ҮШІН "МАМАНДЫҚТАР ӘЛЕМІН АШАМЫЗ" ҚАЛАЛЫҚ
БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСУ ҮШІН****I бағыт «Коммуникация көлік-коммуникациялық инфрақұрылымды
жаңғырту және кеңейту»**

Өтінімдер қазақ немесе орыс тілдерінде қабылданады.

Өтінімді беру мерзімі: 2025 жылғы 10 қазан, сағат 18: 00-ге дейін (қоса алғанда).

1. Өтініш беруші туралы ақпарат

Ұйымның атауы:	
Студенттің Т. А. Ә.:	
Мамандығы:	
Жетекшінің Т. А. Ә.:	
Байланыс телефоны:	электрондық пошта мекенжайы (E-mail):

№ 2 қосымша

ӨТІНІМ**ТЖКББ СТУДЕНТТЕРІ ҮШІН «МАМАНДЫҚТАР ӘЛЕМІН АШАМЫЗ»
ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСУ ҮШІН****II бағыт «Кәсіп бренді: кәсіпкерлікке қадам»**

Өтінімдер қазақ немесе орыс тілдерінде қабылданады.

Өтінімді беру мерзімі: 2025 жылғы 10 қазан, сағат 18: 00-ге дейін (қоса алғанда).

1. Өтініш беруші туралы ақпарат

Ұйымның атауы:	
Студенттің Т. А. Ә.:	
Мамандығы:	
Жетекшінің Т. А. Ә.:	
Байланыс телефоны:	электрондық пошта мекенжайы (E-mail):

2. Жобаның атауы (бизнес-идеялар)

--

3. Жобаның қысқаша сипаттамасы (бизнес-идеялар) (½беттен артық емес)

--

4. Жобаның мақсаттары мен міндеттері (бизнес-идеялар)

--

5. Жобаны (бизнес-идеяны) іске асырудағы әлеуметтік әріптестік

--

6. Нысаналы топ, жобаны (бизнес-идеяны) іске асыру аумағы

--

7. Жобаның күтілетін сапалық және сандық нәтижелері (бизнес-идеялар)

--

8. Жобаны (бизнес-идеяны) іске асырудың тиімділігі

--

Ескертпе: автоматтандырылған ақпараттық жүйе болған жағдайда платформаға сілтемені көрсетуге жол беріледі.

Қолы

Күні